

4. Журавлёва Е.А. Национальный характер и язык как основные критерии идентификации личности // Язык и идентичность: международная конференция «Ахановские чтения» под эгидой МАПРЯЛ (Материалы докладов и сообщений) / ответ. ред. Э.Д. Сулейменова. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – С. 71-79.

5. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 264 с.

6. Мурашов А.А. Личность и речь: эпоха кризисов: учеб. пособие / А.А. Мурашов. – М.: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2005. – 504 с.

7. Шаймерденова Н.Ж. Языки Казахстана: теоретико-методологические исследования и их практическое применение // Языки этнических групп в контексте языковой ситуации Казахстана: сборник материалов круглого стола. – Астана, 2007. – С. 9-15.

8. Гольдин В.Е. Обращение: теоретические проблемы / под ред. Л.И. Баранниковой. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 136 с.

9. Стернин И.А. О национальном коммуникативном сознании // Лингвистический вестник. – Ижевск, 2002. – Вып. 4. – С. 87-94.

10. Маслова В.А. Современные направления в лингвистике: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 272 с.

* * *

Мақалада орыс халқының тілдік бейнесіндегі «қарым-қатынас» тұжырымы мәселелері сөз болады.

* * *

Article is devoted to an allocation of problem of concept “communication” in Russian language picture of the world.

У. Анесова

СИМВОЛДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ: ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН МӘДЕНИЕТТЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Адам баласын жануардан айыратын нәрсе ол – символ құрудың қажеттілігі. Адам физикалық ортада ғана емес, символикалық ғаламда өмір сүреді. Символдар әлемінің пайда болуын біз салт жоралармен анықтай аламыз. Салт жоралар символдар түрінде қызмет атқарған және оларды білу тұлғаның әлеуметтік маңыздылығы мен мәдениетті білу деңгейін анықтаған. Соған байланысты, біз символдарды өз-өзімен пайда болып өмір сүретін емес, ал адам санасының жемісі ретінде қарастырамыз.

Символ белгілі бір таңба, белгі, көрініс, образ, зат және басқа да формаларда келе отырып, адамның іс-әрекет моделі, қызметі, өмір сүру жолдарын анықтап, ықпал ететін, шексіз мәнге, мазмұнға, образдылық қасиетке ие құбылыс. Философияда ол белгілі бір идеяны жаңғыртады десе, мәдениеттануда оның дерексіз мағынасына жете көңіл бөлінеді. Лингвистикадағы символдың анықтамасы нақты толық берілмеген, дегенмен, символ туралы кеңірек түсінік семиотика шеңберінде әлдеқайда дәлірек берілген. Символдар қоғам өмірінде болған көнелілік, мифология, салт-жоралардан бастап, қазірге дейін қалыптасып, адамның ішкі дүниесіне ықпалын тигізуде. Олар қоғамда болған түрлі жағдайлардың, құбылыстардың, әдебиеттің, поэзияның және т.б. ықпалынан пайда болып, өзінің алғашқы мазмұнын жоғалтпайды, бірақ басқа формада беріледі.

Жоғарыда біз символдың бірнеше түрлерін атап өттік. Символды біз Айқулова А.С. классификациясына негізделіп бөлеміз: ұлттың мекен орнының табиғи-климаттық жағдайларынан туындаған символдар; түске қатысты символдар; космосимволика; сандық символдар; анималистикалық символдар; жалпы этносты сипаттайтын символдар.

Біз символдардың түріне жалпылама сипат беру мақсатында мақалада бір-екі мысалды ғана қарастырамыз.

Әр ұлттың өмір сүріп отырған табиғи ортасы оның күнделікті қызметіне, салтына, ойлауына, санасына және дүниеге деген көзқарасына, дүниетанымына ықпалын тигізеді. Соған сәйкес қоғамда символдар пайда болады. Мысалы, қазақ халқында **тау** – мәңгілік, ажалсыздық, күш, қуат, даналылық символы. Бұны біз Қадыр Мырзалиевтің Алатау жайлы жазған өлеңінен көре аламыз:

Бүкіл тауым бір өзіне қол соғып,

Бір өзіне тіреледі жол соңы

Тіл жетпейді.

Сұлулық па бірақта

Сөзбен айтып берсе алатын болса оны.

Бәрінен де тауларымының еңселі

Болашағым деп санаймын мен сені. [1;331

Бұл өлеңде тау биіктіктің, жетер шыңның, жетістік пен болашақтың символы қызметін атқарып тұр. Э.Шакенова да көшпенділердің

өмір-салтынан туындаған таудың символикасын береді: “Чувственно воспринимаемый природный мир – одно из оснований на котором выросло национальное мироощущение кочевника. Близки и дороги кочевнику и горы. С их образом связывает он самое дорогое и вечное – высоту и чистоту. Они – символы бессмертия, его прародина” [2; 87]. Ол үшін тау мен жол биіктік пен тазалықтың, мәңгілік өмір мен туған жердің символы.

Ағылшындар үшін де тау символдық сипат үстейді. Оны біз Томас Маннның шығармашылығынан байқаймыз: “Амбивалентность образа горы нашла отражение в романе Томаса Манна “Волшебная гора”. Она не только подразумевает возвышение над обыденным, которое трансформирует героя и устраняет некую подспудную “симпатию к смерти”, но и выступает как средоточие смерти, где правят Минос и Радамант... Самый важный аспект горы связан с тем, что она может выступать в качестве структуры, соединяющей различные сферы бытия” [3;73]. Бұл жерде тау жағымсыз немесе негативті, яғни күшті бола тұра, өлімнің символын беріп тұр. Бұндай негативті символика Джозеф Уоран Битчтің еңбегінде берілген Оденнің (Auden) *Paysage Moralise* өлеңінде берілген. Онда тау қорқыныш пен үрей, жаудың, көлеңкенің, күштің символы қызметінде тұр. Бірақ тау ағылшындар үшін жетістіктің де символы бола алады. Өйткені түсті болжаған кезде британдықтар былай дейді: “Climbing a mountain symbolizes a task you are facing. If you are at the top of a mountain it symbolizes achievement.” [4].

Қорыта келгенде, ағылшын мәдениетіндегі тау символикасының өрісі қазақ мәдениетіне қарағанда өзгешелеу. Қазақ үшін тау Отан, туған жер, жетер жетістік, болашақ, мәңгілік, ажалсыздық, күш, қуат, даналылық сияқты символдар болса, ағылшындар үшін тау жаудың, қорқыныш пен үрейдің, күштің негативті символикасын бере тұра, позитивті жетістік пен мақсат, тауға өрлеу, алға ұмтылу дегенді де білдіре алады.

Қазақтарда түске қатысты кодтар өте жиі қолданылады. М.Әуезовтың айтуы бойынша қазақ үшін ең негізгі екі түс бар, олар: **ақ** және **қара** түстері.

Түстерді біз адамның жас ерекшеліктерімен де байланыстыра аламыз. Бұрынғы кезде отбасы мүшелерінің біреуі о дүниеге аттанғанда киіз үйге сол адамның жас ерекшелігін көрсететін ту тігілген. Егер де **қызыл** түс болса, ол жас азамат, **қара** түс орта жастағы және **ақ** түс

үлкен жастағы адамның кеткенінің белгісі болған. **Қара** түс – жердің, түннің, кейде қайғының түсі. Қара түсі қазақта көбінде мықтылықты, күшті, қорқыныш пен үрейді білдіретін символ. Мысалы:

Қара қанжар, қара қан,
Қара дауыл, қара тер,
Қаралы жан, қаралы ән,
Қаралы жыл, қаралы жер.
Қара бұлтты көшірді
Қайда қара желіңіз?!
“Бәрін бастан кешірді
Ақ тілеулі еліміз... [5;139]

Автор соншама бастан өткен қиыншылық пен зұлымды, жаудың образын толықтай жағымсыз жағынан көрсете білген.

Қара түс – көптеген мәдениеттерде сияқты ағылшындар үшін де өлімнің символы. Олардың мәдениетінде адам қайтыс болған кезде жерлеуге келгендердің барлығы қара түсті киім киеді. Шекспир үшін өлім және тозақ қара түспен берілген: “black days of funeral at the end”. Хеллоуин болатын күні көпшілік қара киінеді және қара түсті қалпақ пен қара жамалғай киген мыстандар образы оның символы болып қалыптасқан. Мыстандар – негативті сипатта жамандық пен қастандық, құпия мен магия, мистика символы. Сөйтіп, қара түсі – екі мәдениет үшін де жағымсыз өлім, қорқыныш, зұлымдықтың символы.

Ерте замандарда ұлттар аспан күштеріне тағзым етіп, эмблема түрінде осылардың символын қолданған: Күн, Ай және Жұлдыз. Түркі халықтары да осы үш киеліге тағзым еткен. Көне сенімдерге сәйкес, адам дүниеге келгенде ол үшін аспанда өмір бойы жанып тұратын **жұлдыз** пайда болады. І.Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясында мынадай үзінді бар:

“Дәл осы сәтте төбе тұсынан бір жарық жұлдыз аға жөнелді.

– Жұлдызым жоғары,– деді Таймас ақырып күбірлеп.” [6;Эпилог]

Немесе мына өлең жолдарында:

Жұлдыз ақты.

Жұлдыз ақпай тұра ма?!

Тағы бір жан нүкте қойып күнәға... [7; 17]

Қазақта жұлдыз ақса, немесе жұлдыз құласа біреу дүниеден өтті деген наным бар. Құлап бара жатқан жұлдызды көрген кім болса, өзін сақтап қалу мақсатында “Менің жұлдызым жанып тұр!” деп сыбырлауы керек. Сонымен, құлап бара жатқан жұлдызы – өлімнің символы.

Жұлдыздар адам баласының көз алдына жыпылықтап келгенмен, олар әлдеқайда үлкен. Шекспирдің романының бірінші бөліміндегі

жұлдыздардың қиысуы махаббаттардың тағдыр арқылы бір-бірін кездестіруімен байланыстырады. Ромео мен Джульеттаның жағдайында тағдыр жұлдызы оларға қарсы жұмыс істегендігі жайлы айтып кетеді. Ромео Капулет кешіне барар алдында бір құбылысты сезіп былай деген: "my mind misgives some consequence hanging in the stars". Бұл жерде де Ромео тағдырдың қалауы бойынша жұлдыздар қиысып оны күтіп тұрған сезімнің белгісін байқайды. Джульетта болса, жұлдызды махаббат символы ретінде қарастырып, еркі болса, оны бөлшектеп, барлығы да осындай күшті сезімнің бар екенін білсе дейді.

Қазақтар үшін құлап бара жатқан жұлдыз өлімнің символы болса, ағылшын мәдениетінде ол адамға сәттілік алып келеді деп түсінеді.

Қазақ мәдениетінің ең киелі сан – **жеті** саны. Жеті сан есімінің киелі саналатынын ғалымдар өткен ғасырда-ақ анықтаған. “Жеті” саны тек Таяу Шығыс жерінде емес, сонау алыс жатқан Сібір, Қиыр Шығыс, Африка, тіпті Океанияның аз халықтарында да киелі.

О. Сүлейменовтың былай деп жазған: “У казахов есть чувство к истории: В каждом доме ...хранят шежіре, родословную, восходящую до седьмого колена” [8;35] Көшпенділердің барлығы өздерінің жеті атасын таныған. Қ.Мырзалиев киелі жеті санына байланысты мынадай өлең жолдар арнаған:

“Жетіңізге талай сан тіркеседі
Жеткен бала жетіге құрт өседі.
Жерлеген соң жетісін береді ылғи,
Жеті күннен тұрады аптамыз да!
Жеті сінген біраздың санасына
Сегіз емес, алты емес
Жеті атасына

Мұсылмандар жаттатқан баласына” [1;19]

“Жеті” саны ежелден қасиетті, киелі деп аталады. Оның себебі орта ғасыр алхимиктері мен астрологтардың жеті күнге, жеті жұлдыз атын беруі, жеті металдың (алтын, күміс, темір, сынап, қалайы, мыс, қорғасын) пайда болған күні деп жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндері деп ат бергендігінен [9; 25]. Бұл киелі жеті санының сиқырлық қасиеті космогониялық ұғыммен байланысты.

Жеті саны қазақ халқы үшін киелілік, көнелілік, махаббат, қазіргі кезде сәттілік, бәледен сақтайтын символ ретінде қарастырылады. Бүгінде жеті саны молшылық, байлық символы деуге болады. Мысалы, “777”, “077” немесе “707” сияқты нөмірі бар автокөлікті иемденген адам сәтті, бақытты, бай адам болып есептеледі

немесе бұл нөмір оған сәттілік әкеледі деп қабылданады.

Ағылшын мәдениетінде де жеті санының символдық бейнесі кездеседі. Олар үшін кемпірқосақтың соңын көрген адам сәтті болады деген ұғым бар екен, өйткені оның аяқ жағында алтын салынған қапшық бар делінген. Кемпірқосақта жеті түрлі түс бар. Жеті саны американдық, ағылшын мәдениетінде сәтті сан ретінде қарастырылып, сәттілік алып келеді деп есептеледі.

Қазақ халқының тілі өте бай және жан-жануарларды сөзінде өте жиі және түрлі әдістермен қолданған. Жануарлар қашан да кез келген тілде үлкен символдық роль атқарған.

Кез келген нәрсені таңбалаушы тілдік бірлік жайындағы ұғымы әр ұлтта өзгеше. В.фон Гумбольдтың ойынша: “Тіл ұлттың, халықтың өзіне тән ерекшеліктерін білдіреді және оны қалыптастырады, дүниені танудың ұлттық сипатын бейнелейді, сондықтан да түрлі ұлттардың дүниетанымының негізін олардың тілінен іздеу керек”. Қазақ халқының да мәдениеті мен тұрмысында мәні ерекше төрт түлік мал жөнінде басқаларға ұқсамайтындай өзіндік пікірі бар.

Қазақ халқы көшпенді болғандықтан, барлық жануарлардың ішінен жылқыны ең негізгі ретінде қараған. Жылқы – батырдың қолы, қанаты, серігі:

Тұлпарға мінген Ұлы даланың,
Тарпаң мінезді ұлы боламын.
Жауларым семсер сілтеген сәтте,
Қиылған талай гүлім, қарағым. [7;5]

Төрт түлік малдың ішінде жылқы – малдың патшасы саналған. *Жылқы* – *ер қанаты* деген қанатты сөз тегін айтылмаған. *Жақсы ат мінген жарым патша*. Аты жоқ жарлы өзін елдің қоры сезінген. Халқымыздың бүкіл тіршілігі, еңбегі мен өнері онымен тығыз байланысты. Жауға шапқанда батырдың желмая жүйрігі, ең сенімді досы. Халықтың ұлттық сана-сезімі мен тіршілік-тынысының бір бөлігіне айналған жылқының қазақ үшін маңыздылығы мына өлеңді айқын берілген:

Қазақ үшін ертоқым тақтан қымбат,
Қазақ үшін арғымақ бір патшалық.
Боздалада боздаған бабаң жайын
Білгің келсе, жас ұрпақ, аттан сұра!
Танауынан бораған отты лебі
Тұлпардан сұрасаң, көп біледі
Сол – бабаңның досына басын шұлғып,
Сол – бабаңның дұшпанын тепкіледі!

[1;228-229]

Сөйтіп, жылқы малы қазақ үшін батырлық, байлық, ерлік, серіктік, ер қанатын білдіретін

символ. Атқұмар, атжанды қазақ халқы үшін жылқы – қозғалыс көзі, өмір сүру, тіршілік ету формасы. Жылқы - әлемнің жоғарғы бөлігі, интеллект белгісі, ата-бабалар символы. Жылқы - тәңірдің тірі бейнесі, нұры. Жылқы - күннің, қозғалыстың, тұрақтылықтың символы. Қазақ поэзиясында асқақ арманның, шабыттың белгісі. Байлықтың, сән-салтанаттың да белгісі - жылқы.

Ағылшын мәдениеті үшін жылқы күштің, мықтылықтың, әсемдік пен сәндік, мәртебелілік, қуат пен еркіндіктің символы. Келттік символ ретінде қарастыратын болсақ ол – соғыстың символы болған. Соғыс өзімен бірге жеңіс, билік, шыдамдылық алып келеді. Осындай айбын мен ерліктің көріністері жылқының символдық көрінісі болып қаралған. Ағылшын мәдениетінде жылқының символдық сипаты оның түсімен тығыз байланыста жүреді. Мысалы **қара жылқы** – құпия, сыр, өлім мен түннің символы болса, **ақ жылқы** – жарық, күн, күш-қуат, арылу мен жаңа өмірді алып келушінің символы ретінде жүреді. Ерте заман мәдениетінде сияқты жылқы жануарының символы түстерде жақсы сипатталады. Карл Юнг жылқы адам баласының интуитивті жағын, санасын көрсете алады деп есептейді және оның ойынша, жылқы – адамның түстердегі символы. Мысалы, түсіңізде өзіңізді жылқы үстінде көрсеңіз, ол сіздің проектіңіз немесе бір оқиғаның сәтті аяқталуын білдіреді. Түсіңізде аттан құласаңыз ол сіздің жұмысыңыздың дұрыс жүрмегенін және сол үшін өзіңіз уайымдап жүргеніңізді көрсетеді. Мойнына жүген тартқан жылқы сіздің жаныңыздың тынышсыз және бір еркіндіктің жетіспеушілігін, қажеттілігін көрсетеді деген.

Қазақ халқының ұлттық қасиетін үстейтін символ – домбыра. Домбыра қазақ музыка аспаптарының ең көне, әрі байырғы ұлттық музыка өнерінің ұйытқысы ретіндегі халықтың жан серігі болып саналатын бірегейлеріне жатады. Домбыра қазақ халқының өзімен бірге дүниеге келіп, бірге қайнасып кеткен, музыка мәдениетінде қайталанбайтын феноменді құбылыс болып саналады. Оның қарапайымдылығы өзін “қазақпын” деп мақтанып, сыйлай білетін қазақтың қолынан көрініп, шаңырағының астынан табылуынан да байқауға болады. Домбыра қасиеті мен өзіндік ерекшелігін поэзияның тілі мен көркем тілімен айшықталған мысалы жетерлік [10;86]. Домбыраның символдық ролі Қ.Мырзалиевтің өлеңдерінде жақсы берілген. Ақын бір ғана домбыраның табиғатына тән қасиеттерді ұлттық тұрғыдан осылай танып-біліп, соншама көп эпитет-теңеулер арқылы

сипаттап отыр. Көріп отырғанымыздай, “домбыра” феномені қазақ ақын-жазушыларының, халық ауыз әдебиетінің көтеріңкі бір ұлттық сезіммен, жүрек қалауымен, ерекше шабытпен жырлаған әлеуметтік құбылысқа ұқсаған дүние болып саналады.

Домбыра, қазақ халқы үшін қатардағы бір музыкалық аспап қана емес, ол көненің көзіндей, ертеден сақталып келе жатқан рухани өмірдің асылы, қасиетті де кәделі символы.

Ағылшын мәдениетіне келетін болсақ, британдықтарды сипаттайтын көптеген символдар бар. “Британдық” деп атағанда ойға ең бірінші болып келетін символдардың жиынтығы берілген:

Британдықтардың бейнесін беретін символ ол – **арыстан (BRITISH LION)**. Соған қоса, ол Англияның эмблемасы болып қарастырылады. Басына тәж киген кезбе арыстанның бейнесі “өшпес ерлік”, “қарар мен саналылық” символын береді. Ағылшындарды әйгілі ететін нәрсе деген кезде, тек британдықтар ғана емес, өзге ұлттар мен елдер де, **ағылшын шайы (English tea)** еске түседі. Шай ішу салты британдықтар үшін ритуал болып кеткен, яғни шай беру арқылы олар өзінің қонақжайлығын көрсетіп, мәдениетілік танытады. Бұл салт, қонақжайлылық пен шай ішу мәдениеті қазақ мәдениетіне өте ұқсас болып келеді. Әйгілі **Google** ақпарат іздеушісі британдықтар арасында “ұлттың логотипті” анықтау мақсатында 15 мың адамды қамтыған сауалнама өткізді. Респонденттермен берілген ең жиі кездесетін суреттердің ішінде британдық ту, монархия және таңғы ас орын алған. Соған қоса, логотиптердің жартысында британдықтарды дүние жүзіне әйгілі еткен тұлғалар көрсетілген. Ең әйгілі британдықтар тізімін **королева** бастайды және **Шекспир, Гарри Поттер мен Джеймс Бонд** содан кеңгі орындарды иемденген. Респонденттердің 50% астамы британдық туды ұсынған және үштен бірі **Биг-Беннің** бейнесі бар суреттерді жіберген. Мифологияға жүгінген респонденттер **уэльсттік айдаһар** мен **лохнесстік айуан** бейнелерін беруді жөн көрген.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды сараласақ, әр ұлттың өзіне ғана тән ұлттық-мәдени ерекшеліктері болатынын айтамыз. Ол түрлі образдар, мінездер, стереотиптер, материалдық және рухани құндылықтарды қамти алады. Осылардың барлығы тек бір ғана этносқа тән бола алатын немесе сол этностың көрінісі, айнасы мен көзі бола алатын символдардың жиынтығын құрады да, өз көрінісін тілде табады.

1. Мырзалиев Қ. 3 т. шығ. жинағы. Өлеңдер мен поэма. Алматы. Жазушы, 1989.
2. Шакенова Э. Художественное освоение мира. В кн: Кочевники. Эстетика. Издательство “Ғылым”. А., 1993.
3. Сейфуллин С.. Шығармалар. I т. Алматы. 1960.
4. http://www.experiencefestival.com/a/Dream_Symbol_Mountain/id/6146148
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8т. Қаз ССР Ғылым Академиясы. А.: Ғылым, 1985.
6. Есенберлин І. Көшпенділер. Қаһар. 3 кітап. А., 1986.
7. Райымбекұлы М.. Кентавр. “Жалын баспасы”. Алматы, 2008.

8. Сүлейменов О.. “Азия”. Книга благомеренного читателя. Алматы. Жазушы, 1975.
9. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 1994.
10. Тілтаным.А.Байтұрсынов атындағы білім институты. Алматы. 1-2006.

* * *

В статье рассматриваются понятие символа и некоторые виды символов казахской и английской культуры и их выражение через язык.

* * *

This article consider notion of symbol and some types of symbols in Kazakh and English cultures and its expression through language.

А. Н. Юрьев

КОНЦЕПТ «ГРЕХ» В НАЦИОНАЛЬНОЙ КАРТИНЕ МИРА (на материале разговорных и просторечных глаголов русского языка).

Статья 2

В работе Ананиной Т. В. «Эмоции и языковая картина мира» говорится, что «...одну из важнейших областей человеческой личности представляют эмоции. Это сфера психической деятельности и эмотивных оценок. Мир человеческих эмоций является одной из локальных картин мира. Сознание человека, формирующее идеальный образ внешнего мира, есть не только знание об объекте познания, противостоящем субъекту, но это познание эмоционально окрашено, так что субъект и объект «переживаются» как нечто единое.

Эмоции охватывают всю сферу человеческой личности и являются во многом определяющими при изучении человеческого фактора в языке.

Значимость мира эмоций при изучении и описании картины мира обусловлена следующим. Картина мира – это не просто языковой образ реального мира, но, прежде всего, субъективный образ объективной реальности, создаваемый человеком. Мир бесконечен, а человек ограничен и конечен в своих возможностях миропостижения. Любая языковая

картина мира содержит с неизбежностью черты человеческой субъективности. ЯКМ несет в себе черты антропоморфичности, то есть человеческого способа восприятия. Это не зеркальное отражение мира, а интерпретация, что зависит от призмы, через которую человек видит мир... Эмоциональные реакции на те или иные предметы и явления одинаковы для людей всего мира, безотносительно к их культуре, языку или образовательному уровню» [1].

В первой статье было рассмотрено семантическое поле «Раздражение», которое входит в состав семантического микрокласса «Гнев» с точки зрения нравственно-ценностного компонента сознания, который ответственен за формирование субъективно-национального отношения ко всему, что отражается в языке. Данная статья является продолжением, и анализ пойдет на эмоционально-оценочном уровне.

В семантическое поле «Сквернословие» входят слова с общей семантикой – ругаться, браниться. В отличие от первого семантического поля «Раздражение» здесь идет распределение внутри поля на три микрополя:

